

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 42/2 жер участкесі тұстамасында орналасқан Комендантка ағысының (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 400 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қарашада № 6331 болып тіркелді

## З ҚАИ - ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

## 1. Мыналар:

1) осы қаулыға приложению сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 42/2 орналасқан И.Б. Жақиянов сұрап отырған жер участкесі тұстамасындағы (сауда үйіне қызмет көрсету (абаттандыру) үшін ) Комендантка ағысының (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 42,2 орналасқан И.Б. Жақиянов сұрап отырған жер участкесі тұстамасындағы (сауда үйіне қызмет көрсету (абаттандыру) үшін) Комендантка ағысының (оң жағалау) су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Өскемен қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

## "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік  
инспекциясының басшысы

К. Баймағамбетов

2019 жылғы "\_\_\_"

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "27" қарашадағы

№ 400 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев  
данғылы, 42/2 орналасқан И.Б. Жақиянов сұрап отырған жер участкесі  
тұстамасындағы (сауда үйіне қызмет көрсету (абаттандыру) үшін) Комендантка  
ағысының (оң жағалау) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Қарастырылып отырған тұстамадағы Комендантка ағысының оң жағалауы	1,104	2,3922	500	0,174	0,1608	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК